

Бұланды ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № А-07/272 " Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 қазандағы № а-10/370 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 қарашада № 3870 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № а-04/111 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 14.04.2016 № а-04/111 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес, Бұланды ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұланды ауданы әкімдігінің "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2012 жылғы 11 шілдедегі № А-07/272 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-7-159 тіркелген, 2012 жылғы 10 тамызда " Бұланды таңы" және "Вести Буланды" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда баяндалсын:

""Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына сәйкес, Бұланды ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

3 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.К. Есмурзинаға жүктелсін."

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бұланды ауданының әкімі

М.Балпан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК